

Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылы бойынша жылдық қорытынды есебі

2024-2025 оқу жылының жұмыс барысын қорытындылай келе, әлеуметтік педагог ретінде атқарылған жұмыстар туралы келесі мәліметтерді ұсынамын.

1. Жалпы мәліметтер:

Мектебіміз 2024-2025 оқу жылының екінші жартыжылдығында, яғни **2025 жылдың қаңтар айынан бастап** жұмысын бастады. Қазіргі таңда **жалпы оқушылар саны – 1181**. Оның ішінде **616** бастауыш, 5-8 сыныпта **512** оқушы, 10 сыныпта **53** оқушы бар.

146 оқушы – әлеуметтік жағдайы төмен (СУСН) санатындағы балалар қатарына жатады.

- ӘОТ санатындағы 146 оқушының ішінде:
 - **79 оқушы – 1-4 сыныптарда;**
 - **65 оқушы – 5-8 сыныптарда**
 - **2 оқушы 10 сыныпта** білім алуда.
- Сонымен қатар, мектепте **5 жетім бала** бар.
- **Мүгедек балалар – 22\5 ӘОТ**
- **Инклюзия - 16**
- **Үйде оқу - 6**

ӘОТ оқушыларының үлгерімі: /2-10 сыныптар, 1 сынып қорытылмайды/

- **47 оқушы – екпінді,**
- **16 оқушы – үздік оқиды.**

2. Тамақпен қамтамасыз ету:

БІЗДЕ КЕҢ, ЖАРЫҚ ӘРІ ТАЗА АСХАНА БАР, ОНДА ОҚУШЫЛАР ҮШІН БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Бір уақытта 444 оқушыға қызмет көрсетуге болады:

Үлкен зал – 264 орын

Кіші зал – 180 орын

- Жас ерекшелігіне сай жүйе қарастырылған.
- Бастауыш сынып оқушылары мен жоғары сынып оқушылары бөлек тамақтанады.
- Қол жуатын орындар бастауыш және жоғары сынып оқушылары үшін бөлек қарастырылған.
- Ұстаздар мен оқушыларға арналған буфет те жұмыс істейді. Мұнда жеңіл тағамдар мен сусындар ұсынылады.
- Тәжірибелі асхана қызметкерлері санитарлық талапқа сай арнайы киімдермен қызмет көрсетеді.

Тазалық – басты қағида! Сондықтан асхана едені әр тамақтану сайын жуылады, барлық гигиеналық талаптар қатаң сақталады. Әр ЖҰМА тазалық күні!

Қауіпсіздік техника ережелері сақталады, қызметкерлермен қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту жиі өткізіліп тұрады.

- **1-4 сынып оқушыларының барлығы** тегін ыстық тамақпен қамтылған.
- **5-10 сыныптарда оқитын 67 оқушы ӘОТ санатында.** Білім басқармасы бекіткен меню бойыншаа тегін тамақпен қамтамасыз етілді.
- Мектеп асханасының жұмысы бойынша:
 - Жыл ішінде **екі рет мониторингтік топ** тексеру жүргізіп, **тиісті актілер** жасалды.
 - **Көктем мезгілінде ата-аналар мен оқушылар арасында сауалнама** алынып, нәтижесінде **асхана жұмысына жалпы жақсы баға** берілді.
 - Мектеп **әкімшілігі мен сынып жетекшілері** тарапынан **күнделікті асханаға кезекшілік кестесі** ұйымдастырылып отыр.

3. Әлеуметтік қолдау мен қайырымдылық шаралар:

- **Сәуір айында** мектеп қабырғасында «Қайырымдылық жүректе» атты **қайырымдылық акциясы мен акция аясында қайырымдылық концерт** ұйымдастырылды.
- Қайырымдылық айлығы аясында **2-8 сыныптар арасында қайырымдылық жәрмеңкесі** өткізілді.
- Қайырымдылық акциясы аясында **14 отбасыға** қаржылай, киім-кешек және азық-түлік себеттері түрінде көмек көрсетілді.
- **Сарайшық ауданы полиция басқармасы** аз қамтылған **2 отбасыға азық-түлікпен көмек** көрсетті.

Дегенмен, мектепте демеушілер (спонсорлар) саны аз, бұл – алдағы уақытта шешімін табуды қажет ететін өзекті мәселе.

4. Рухани-мәдени тәрбиелік іс-шаралар және ата-анамен жұмыс:

- **1 в және 2 сынып ата-аналарына «Тәліммен өрілген біздің дәстүр»** атты рухани-мәдени кездесу өткізілді.
- «Сүйіспеншілік – сыйластық кілті» тақырыбында **10а, 10 а сынып ата-аналарымен** тренинг-жиналыс ұйымдастырылды.

Бұл кездесулер ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін нығайтуға бағытталды.

«Интернет менің өмірімде» ашық тәрбие сағаты 5-8 сынып оқушыларына ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларға интернеттің рөлін түсіндіру, оны

қауіпсіз, әрі тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру, ақпараттық мәдениетін және жауапкершілігін арттыру.

5-11 сынып оқушылары «Буллингтен қорған» дөңгелек үстелінде буллинг туралы ақпараттарын кеңейтті.

5. ӘОТ санатындағы оқушыларын қолдау және белсенділік: ӘОТ санатындағы оқушылар түрлі іс-шараларға белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды:

- пәндік және шығармашылық байқаулар,
- спорттық жарыстар,
- «Абай оқулары»
- Мұқағали оқулары

5. Жазғы демалысты ұйымдастыру

- **11-14 жас аралығындағы балаларға** қала сыртындағы лагерьге 4 жолдама бөлінген. Қамқоршылық кеңестің шешімімен лагерьге баратын балалардың тізімі анықталды.
- **1-4 сынып оқушылары** мектепшілік лагерьге қамтылды. Оның ішінде 55 оқушы ӘОТ санатынан
- **5-8 сыныптағы СУСН оқушылары** бейіндік лагерьге тартылды.

6. Құжаттамалық және психологиялық қолдау:

- Білім басқармасынан келіп түскен барлық есептер уақтылы әрі талапқа сай түрде тапсырылып отырды.
- Қалалық Психологиялық қолдау орталығының семинарына қатысып, кәсіби тәжірибе алмасу жүргізілді.

Қорытынды: Жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық қолдау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, ӘОТ санатындағы балалардың құқықтары мен әлеуметтік жағдайын қорғау, әлеуметтік жағдайына тұрақты бақылау мен қолдау көрсетіліп, тұлғалық дамуына, қоғамға бейімделуіне бағытталған шаралар жүзеге асырылды. Қайырымдылық пен демеушілік бағыттарда да нақты жұмыстар атқарылып, ата-аналармен ынтымақтастық нығайтылды.

ҰСЫНЫС:

- алдағы оқу жылында демеушілік қолдауды арттыру,
- ата -аналармен бірлескен жұмысты күшейту,
- оқушылардың әлеуметтенуіне және табысты орта қалыптастыруға басымдық беру жоспарланатын болады.

Әлеуметтік педагог: *Кұлжабекова Сая Ондасыновна*